



Ағымдағы жылдың 7 қыркүйегінде Астана қ. Әділет департаментінің ғимаратында «Террористік қауіп-қатерлер туындаған кезде қызметкерлердің іс-әрекеттері, сондай-ақ жасалған ланкестік актінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді салдарын жою бойынша бұдан арғы іс-әрекеттері» және «Қазақстан Республикасында діннің проблемалық аспектілері» мәселелері бойынша дөнгелек үстел өткізілді. Іс-шараға Елордалық Төтенше жағдайлар департаменті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменті, Ішкі істер департаменті, Дін істері басқармасының қызметкерлері және Нұр-Астана мешітінің наиб-имамы қатысты.

Дөнгелек үстелді жүргізу кезінде Астана қ. ТЖД төтенше жағдайларды жою бөлімінің қызметкерлерімен ланкестік актінің нәтижесінде орт шыққан кезде және ғимарат конструкцияларының қирауы (қулау) салдарын жою бойынша қызметкерлерінің негізгі іс-әрекет ережелері, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде объектіге келушілер мен және персоналдарды эвакуациялау ережесі түсіндірілді.

Дөнгелек үстел өткізудің мақсаты қызметкерлердің білім деңгейі мен біліктілігін көтеру болып табылады, оның ішіндегі басты міндеттердің бірі төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ете білуге дағдыландыру.

Астана қ. ТЖД ТЖЖБ

